

ӨОЖ 7-02

Ұ.Ә. Сапарбаева

«Сырдария» университеті, Қазақстан Республикасы, Жетісай қ.
E-mail: Uldana.taxa@mail.ru**Бейнелеу өнері шығармалары арқылы оқушыларға
эстетикалық тәрбие беру жолдары**

Өнер – эстетикалық тәрбие берудің басты құралы. Себебі бейнелеу өнері адамның рухани дамуы мен дүниетанымының қалыптасуына әсер етеді, балаларға бейнелеу өнері арқылы шығармашылық іс-әрекеттерді ұйымдастыру, бағыт- бағдар беру жоспары ұсынылады.

Түйін сөздер: ұлттық мәдениет, өнер, эстетикалық тәрбие, шығармашылық.

У.А. Сапарбаева

The ways of aesthetic education by fine art compositions

The definition of the theoretical bases of aesthetic education of the school children in initial classes by means of representation creativity is considered in this article.

The basic teaching art is developed pupil's intention of thinking, memorizing of what have seen, creative imagination, artistic inclination, humane and feeling of beauty and certainly this feature influence to developing person's character.

Teacher need determine kinds of art lessons (illustrate with looking, illustrate on the theme, arts and crafts) or habit degree of activity and competence extracurriculum work.

The bases of completely teaching art comes from necessity of teaching art together other subjects.

Key words: national culture, art, esthetic education, creativity.

У.А. Сапарбаева

Пути эстетического воспитания учащихся посредством произведений изобразительного искусства

В статье рассматривается определение теоретических основ эстетического воспитания учеников начальных классов посредством изобразительного творчества.

Цель эстетического воспитания детей – организация художественно-эстетической работы, направленная на формирование способности и правильного восприятия искусства и красоты жизни, выражение эстетических понятий, развитие творческой способности.

Эстетическое воспитание осуществляется с помощью искусства, а в его содержание должно входить обучение разным видам искусства – литературе, музыке, изобразительному искусству. Эффективной стороной эстетического воспитания считается познание красоты природы и души человека.

Ключевые слова: национальная культура, искусство, эстетическое воспитание, творчество.

Эстетикалық білім жеке тұлғаның үндестікті дамуы үшін дәстүрлі халық өнері мен кәсіптік өнерді ажырамас бірлікте қарайды. Ұлттық мәдениеттің жандануы мен әрі қарай халық өнерінің дәстүрлерін жаңғырту болып табылады. Көркемдік эстетикалық білімнің мазмұны мен бейнелеу өнері ұлттың өзін-өзі тануына, әлемдік және ұлттық тарихи-мәдени мұраларға құрметпен қарауға тәрбиелейді.

Эстетикалық тәрбиелеудің мәні балалардың өнер мен өмірдегі әсемдікті дұрыс түсініп, толық түрде қабылдау қабілеттіліктерін қалыптастыруға бағытталған әртүрлі көркемдік-эстетикалық әрекеттерін ұйымдастыру, эстетикалық ұғымдарын, түсініктерін, мәнерлерін қалыптастыру, өнер саласындағы олардың талаптары мен шығармашылық дарындарын дамыту.

Эстетикалық тәрбиелеу өнердің көмегімен жүзеге асырылатындықтан, оның мазмұны оқушылардың өнердің әр түрлері мен жанрларына – әдебиетке, музыкаға, бейнелеу өнеріне үйретуді қамтуы қажет. Эстетикалық тәрбиелеудің маңызды жағы адамның түрі мен мінез-құлқындағы және өмірмен табиғаттағы әсемдікті тану болып табылады.

Эстетикалық тәрбиелеу мазмұнының маңызды жағының бірі – оқушыларды өзіндік дамытуға бағыттау болып табылады. Осы дамудың қандай жақтарын ол қамтуы керек? Ең алдымен, оқушыларда эстетикалық қажеттіліктерді өнер саласында, қоғамдағы шығармашылық құндылықтарға қол жеткізуді қалыптастыру қажет.

Эстетикалық тәрбиелеу мазмұнының маңызды элементтерінің бірі оқушыларға көркемдік қабылдауды дамыту болып табылады. Бұл қабылдаулар эстетикалық құбылыстардың кең аясын қамтуы керек. Сонымен қатар оқушыларды табиғатта да, өнерде де қоршаған өмірмен адамдардың мінез-құлқындағы әсемдіктердің барлығын қабылдауға үйрету керек.

Эстетикалық тәрбиелеудің ең басты құрамдас бөліктерінің бірі – шындықты көркемдік бейнелеу мәселелері бойынша өз пайымдауын (көзқарастарын) жеткізе білумен және өнерді түсінумен байланысқан білімдерді меңгеру. Бұған оқушылардың өнердің әр түрлілігімен жанрын осы шындықты бейнелеудің ерекшеліктері туралы ұғымдар мен түсініктерді қалыптастыру, өнер туындыларының мазмұндары мен адамгершілік-эстетикалық бағыттарын таңдай білуді жетілдіру жатады.

Эстетикалық тәрбиелеу мазмұнында ерекше орынды әсемдікті қабылдау және күйзелулермен байланысқан көркемдік мәнерді қалыптастыру алады. Оқушыларды нағыз өнер туындыларының әдемілігі мен көркемдігін сезінуге, көркемдік таңдаушылық көрсетумен, сонымен бірге мәдени мінез-құлықты көтеруге деген ынтаға үйрету керек.

Эстетикалық тәрбиелеудің маңызды құрамдас бөлімдерінің бірі – оқушыларды көркемдік шығармашылыққа бейімдеу, бейнелеу өнері, әдебиет пен музыкаға деген олардың қабілеттіліктері мен бейімділіктерін дамыту. А. Н. Толстой әр балаға көркемдік шығармашылыққа деген әртүрлі мұқтаждық бар, олар-

ды тәрбие мақсатында дамытып, қолдану керек деген пікір айтқан[1].

Эстетикалық тәрбиелеудегі өнердің маңыздылығы ешқандай күмән туғызбайды, өйткені ол оның мәні болып табылады. Өнердің тәрбиесінің негізгі тәсілі ретіндегі ерекшелігі өнерде адамның рухани байлығы, шығармашылық тәжірибесі қоюланып, жинақталған. Адамдар өнердің әртүрлі көркемдік шығармаларында аяғы, соңы жоқ үнемі дамып отырған қоғамдық өмір мен табиғатқа деген өздерінің эстетикалық қарым-қатынастарын көрсетеді.

Өнерде адамның рухани дүниесі, оның сезімі, мәнері мен идеалдары көрініс табады. Өнер өмірді тануға үлкен материал береді. Суретші өнердің дамуының негізгі бағытын анықтай отырып, кез келген адамға үлкен әсерленушілік күшпен әсер етіп, оған үнемі өзінің өмірдегі орны мен үлесі туралы ойлануға мәжбүр ететін көркемдік бейнелерге салуында көркемдік шығармашылықтың құпиясы жатыр.

Өнер құбылыстарымен кездесу адамды бірден рухани байытпайды немесе эстетикалық жағынан бірден дамытпайды, бірақ эстетикалық күйзеліс тәжірибесі көпке дейін сақталады да адам әр уақытта әсемдікпен кездескенде сезінген таныс әсерін қайта сезінгісі келіп тұрады.

Адамның өнерге деген белсенді, жігерлі, шығармашылық қатынасы, өнердің өзінің сапасына, адамның жеке өзіндік қабілеттеріне, оның рухани күш-жігері мен оның көркемдік білім деңгейіне де байланысты.

Баланың әртүрлі даму сатысындағы өмірлік тәжірибесі соншалықты шектелгендіктен, балалар тез арада жалпы ортадан эстетикалық құбылыстарды бөліп алуды тез үйреніп кете алмайды. Мұғалімнің міндеті баланың өнерден рақат алу қабілеттілігін тәрбиелеу, эстетикалық қызығушылығы мен мұқтаждықтарын дамыту, оларды эстетикалық мәнер, одан кейін идеал дәрежесіне дейін жеткізу.

Мектептің міндеті – оқушылардың эстетикалық даярлығын қамтамасыз ету, оларды үлкен өнер дүниесіне енгізіп, қоршаған ақиқат дүниені танудың іс жүзіндегі құралы ету, адамгершілікті жетілуімен ойлауын дамыту.

Эстетикалық тәрбиелеуді қоршаған шындықтағы – табиғаттағы, қоғамдық өмірдегі, еңбек пен өнер құбылыстарындағы, әдемілікті мақсатты түрді қабылдау, сезу мен дұрыс түсіну қабілеттілігін тәрбиелеу ретінде анықтайды.

Шындық пен өнерге деген баланың эстетикалық қарым-қатынасын қалыптастырудан басқа, эстетикалық тәрбиелеу, олардың жан-жақты дамуына да үлес қосады. Эстетикалық тәрбиелеу адамның адамгершілігін қалыптастыруға ықпал етеді. Оның қоғам, табиғат, дүние туралы танымдарын кеңейтеді. Балалардың әртүрлі шығармашылық еңбектері олардың ойлауы мен елестетуін, еркі, табандылығы, ұйымдасқандығы мен тәртіптілігін дамытуға ықпал етеді.

Өнердің тәрбие құралы ретіндегі ерекшелігі, өнерде адамның шығармашылық тәжірибесі, рухани байлығы қоюланып, шоғырланған.

Балалардың шындықпен өнерге деген эстетикалық қарым-қатынастарын қалыптастырудан басқа, эстетикалық тәрбиелеу жан-жақты дамуға да үлес қосады. Эстетикалық тәрбиелеу адамның адамгершілігін қалыптастыруға, оның дүние, қоғам мен табиғат туралы танымдарын кеңейтуге ықпал етеді. Балалардың әртүрлі шығармашылық білімдері олардың ойлауы мен елестетуін, еркі мен табандылығын білімділігі мен тәртіптілігін дамытуға ықпал етті.

Эстетикалық тәрбиелеудің міндеті көркемдік және эстетикалық қабылдау қабілеттерін дамыту мен алған білімі негізінде адамға әсерленіп, күйзелуге мүмкіндіктері маңызды заттар мен құбылыстарды эстетикалық бағалауды, олардан ләззат алуды қамтамасыз ететін, әлеуметтік-психологиялық қасиеттерді қалыптастырады.

Бұл міндет балалардың кескіндеме мен тек жалпы білім беру деңгейінде ғана қызығатындығын көрсетеді. Олар асығыс картинаға қарап шығып, суретші мен картинаның аттарын естерінде қалдырады да келесісіне көшеді. Олардың ешқайсысы да балалардың таңғалысын тудырмайды да, туындының мүлтіксіздігі ләззат әкелмейді.

Тәрбиелену эстетикалық шығармашылықты қалыптастырумен байланысқан. Ең бастысы, жеке адамды эстетикалық құндылықтарды жасаушы, тудырушыға айналдыратын, оған дүниенің әдемілігі мен рақаттанып, әдемілік заңдары бойынша қайта құруға ықпал ететін жеке тұлғаның қабілеттілігімен мұқтаждықтарын, қасиеттерін дамытып, тәрбиелеу.

Бұл міндеттердің мәні бала әсемдікті біліп, онымен сүйсініп, бағалап қана қоймай, ол өзі қарым-қатынаста, мінез-құлықта, еңбекте өмір

мен өнерде әсемдікті жасауға белсенді қатысуы керек.

Біз қарастырып өткен міндеттер көбіне эстетикалық тәрбиелеудің мәнін жартылай ашып көрсетеді, бірақ біз бұл мәселенің педагогикалық жағын ғана қарастырдық.

Бұл мәселенің педагогикалық жағы мен психологиялық жағы да бар. Мұның мәні эстетикалық тәрбиелеуде балада эстетикалық сана қалыптасады. Эстетикалық сананы психологтар мен педагогтар бірнеше өлшемдерге бөледі, олар эстетикалық тәрбиелеудің психологиялық сәнін көрсетеді және адамның эстетикалық мәдениеті туралы сараптауға көмектеседі. Көптеген зерттеушілер мынадай өлшемдерді атайды эстетикалық мәнер, эстетикалық идеал, эстетикалық бағалау. Баланың өнер құбылыстармен араласу үрдісінде көптеген әртүрлі эстетикалық әсері жинақталады [2].

Өнердің бірнеше түрі бар әдебиет, музыка, бейнелеу өнері, театр, кино, хореография, мүсін өнері, колданбалы өнер және т.б. Өнердің әр түрлерінің ерекшелігі оның адамға өзінің ерекше көркемдік тәсілдері және материалдарымен ықпал етуінде: сөзбен, дыбыспен, қозғалыспен, бояулармен, әртүрлі табиғи материалдармен. Мәселен, музыка тікелей адамның музыкалық сезіміне бағытталған. Мүсін өнері адамның жан дүниесінің басқа ішектерін қозғайды. Ол бізге дененің көрнекті көлемдегі пластикалық анықтылығын береді. Ол біздің көзіміздің әсем форманы қабылдау қабілеттілігіне әсер етеді.

Өнердің кез келген түрі, жалпы өнер кез келген жеке адамға арналған, бұл дегеніміз – кез келген адам өнердің барлық түрін түсінуі мүлтігі дегенді болжайды. Бұның педагогикалық мағынасын біз баланы тек өнердің бір түрімен ғана шектеп, дамытуға болмайды деп түсінеміз.

Көркем шығармаларды меңгерудің бірінші сатысына ол санада көркемдік бейнелерді алғашқы шығармашылық жасауды, алғашқы қабылдауды жатқызады. Бұл сатының мәні: балалардың көркемдік шығармаларды алғашқы қабылдауын ойластыру қажеттілігінде. Ол балалардың алғашқы ұйымдықсыз қабылдауында көбінесе оларға түсініксіз және қызықсыз болғандардың барлығы, яғни олардың өмірлік тәжірибесімен көркемдік-эстетикалық дамуының нашарлығымен назардан тыс қалып қоятындығын байқады.

Өнерді оқытудың алғашқы күндерінен бастап, балаға шығармаларды жан-жақтан қабылдату, шығармаға қатысушы талантты қабілеттіліктерін дамыту керек.

Көркем туындыларды ғылыми түсінудің екінші жолы оқушының көркемдік сынды шығармашылық меңгеруге кірісуінде. Көркемдік сынның міндеті – оқырманға, көрермен мен тыңдарманға көркемдік шығармалардың нәтижесінде түсіну.

Көркемдік сын оқушылардың идеялық-тәрбиелік идеалдарын қалыптастыруда маңызды рөл атқаруға арналған. Сындық материал кең түрде оқу үдерісіне енгізіліп, оның органикалық өнімі болуы керек. Бұл сынның тәрбиелік потенциалын тиімді қолдануға, көркемдік туындыларды талдау үрдісіне нағыз ғылыми негізге қоюға ықпал етеді. Іске бұлай кірісу жолы оқушыларға өздерінің бағалауларын, ойларын мамандардың ғылыми-тұжырымдық шешімдерімен салыстыруға, өз

кемшіліктерін көруге, сын бағасын қабылдауға немесе сын мен пікір-таласқа түсуге мүмкіндік береді.

Суретші өзі жасаған бейнелер көмегімен өмірдегі ең маңыздыны, елеулі мен қажеттіні көреді де басқаларға көрінбейтін, бірақ та маңыздыны көрсетеді. Суретшіні бейнелі түрде анық көрсете біледі. Суретші мен ашылған бұл түсінік – күрделі де көп сатылы үдеріс.

Оның мәнін терең түсіну, оқушылар түсіну үшін өнер туындыларын таңдап алу шеберлігі мектепте оқу жұмысының формалары мен тәсілдеріне сай өнер ерекшеліктеріне байланысты оларды есепке алу осылардың барлығы балаларға өнер мен әдебиеттің идеялық-эстетикалық тәрбиелік ықпалын көтеру үшін қажет.

Өнер материалы үлкен әсерленушілік потенциалға ие, әсерленушілік ықпал етудің күші ғана бала санасына енуі жолы мен жеке тұлғаның эстетикалық қасиеттерінің қалыптасуы тәсілі болып табылады [3].

Әдебиеттер

- 1 Эстетикалық мәдениет және эстетикалық тәрбие. А.М. Лабковскийдің редакция басшылығымен. – М.: Просвещение, 1972. – 19-21 б.
- 2 Лихачев Б.Т. Эстетикалық тәрбие. – М.: Педагогика, 1972. – 22-24 б.
- 3 Чукман Е.К. Оқушылардың қабілеттерін дамытудағы өнер рөлі. – М., 1985. – 110-113 б.

References

- 1 Aesthetics culture and aesthetic education. Under edition A.M. Labkovski. – М.: Education, 1972 y. – 19-21 p.
- 2 Aesthetic education. Lihachev B.T. – М.: Pedagogics, 1972. – 22-24 p.
- 3 Role of art in development of abilities of the schoolboys. Chukman E.K. -М., 1985 110-113 y.